

ӘОЖ 37.018.43

ТҰТЫҚПА БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Акилбаева Г.И.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

Серғалиева Л.Ш.

4-курс студенті, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Шымкент қ., Қазақстан

Юлдашева Р.А.

4-курс студенті, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Шымкент қ., Қазақстан

Тұтықпа — балалардың сөйлеу тілінде жиі кездесетін күрделі сөйлеу бұзылыстарының бірі болып табылады. Бұл бұзылыс сөйлеудің ырғақтылығы мен бірқалыптылығының бұзылуымен, дыбыстардың, буындардың немесе сөздердің еріксіз қайталануымен, сөйлеу барысында бөгелулердің пайда болуымен сипатталады. Тұтықпа көбіне мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларда байқалып, баланың сөйлеу әрекетінің табиғи дамуын тежейді. Тұтықпаның өзектілігі оның тек сөйлеу аппаратының бұзылысымен шектелмей, баланың тұлғалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына теріс ықпал етуімен айқындалады. Тұтықпасы бар балаларда қарым-қатынасқа түсуге деген қорқыныш, өз-өзіне сенімсіздік, тұйықтық, әлеуметтік ортадан шеттетілу сияқты психологиялық қиындықтар жиі кездеседі. Бұл жағдай баланың мектептегі оқу жетістіктеріне, құрдастарымен өзара әрекеттесуіне және жалпы әлеуметтену процесіне кері әсер етеді. Ғылыми зерттеулерде тұтықпаның пайда болу себептері көпфакторлы сипатта қарастырылады. Оған нейрофизиологиялық ерекшеліктер, тұқымқуалаушылық факторлар, психологиялық жарақаттар, сөйлеу дамуының қарқынды кезеңдеріндегі жүктемелер, сондай-ақ қолайсыз әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар әсер етеді. Осыған байланысты тұтықпаны түзету жұмыстары бір ғана әдіспен шектелмей, кешенді, жүйелі және жеке бағытталған тәсілді талап етеді.

Кілт сөздер: тұтықпа, тұтықпасы бар балалар, логопедиялық түзету, сөйлеу тынысы, сөйлеу қарқыны мен ырғағы, кешенді тәсіл.

Қазіргі логопедиялық практикада тұтықпаны түзетуге арналған әртүрлі жеке және кешенді әдістер қолданылады. Олар тыныс алу, дауыс қою, сөйлеу ырғағын қалыптастыру, психологиялық қолдау көрсету, моторлық және релаксациялық жаттығуларды қамтиды. Сонымен қатар соңғы жылдары тұтықпаны түзетуде нейропсихологиялық, психотерапиялық және инклюзивті-білім беру технологияларымен үйлестірілген кешенді логопедиялық жүйелердің тиімділігі артып келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, тұтықпасы бар балалармен жүргізілетін кешенді логопедиялық жұмыстың мазмұнын ғылыми тұрғыда негіздеу, қолданылатын әдістердің тиімділігін талдау және практикалық ұсыныстар әзірлеу бүгінгі логопедия ғылымы мен практикасының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Тұтықпаны түзету жұмыстары кешенді, жүйелі және жеке ерекшеліктерді ескеретін бағытта ұйымдастырылған жағдайда ғана оң нәтиже береді. Қазіргі логопедиялық тәжірибеде тұтықпасы бар балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары бірнеше өзара байланысты бағыттарды қамтиды. Атап айтқанда, мынадай әдістер тұтықпаны түзетуде тиімді болып саналады: тыныс алуын қалыптастыруға бағытталған әдістер, сөйлеу ырғағы мен қарқынын реттеу әдістері және психологиялық бағыттағы әдістер.

Тыныс алуын қалыптастыруға бағытталған әдістер. Тұтықпасы бар балаларда сөйлеу тынысының бұзылуы жиі байқалады. Сондықтан логопедиялық жұмыстың бастапқы кезеңінде тыныс алу дағдыларын қалыптастыру маңызды орын алады. Бұл бағытта диафрагмалық тыныс алуды дамыту, тыныс пен сөйлеудің үйлесімділігін қалыптастыруға арналған жаттығулар қолданылады. Бұл әдіс тыныс алу ырғағының тұрақтануы сөйлеу барысындағы бұлшықет кернеуін азайтып, сөйлеудің еркіндігін арттырады.

Тұтықпасы бар балаларда сөйлеу тынысының бұзылуы көбінесе тыныстың үстірт, үзік-үзік, сөйлеумен үйлеспеген түрде болуымен сипатталады. Осыған байланысты логопедиялық түзету жұмысының бастапқы кезеңінде тыныс алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған арнайы жаттығулар жүйесі қолданылады.

1. Диафрагмалық тыныс алуды дамыту жаттығулары

Мысалы, «Қарынмен тыныс алу» жаттығуы. Мұны шалқасынан жатып немесе отырып жасауға болады. Логопед баланың бір қолын кеудесіне, екінші қолын ішіне қояды. Бала мұрын арқылы терең тыныс алғанда, іштің көтерілгенін сезінуі керек. Содан кейін ауыз арқылы баяу тыныс шығарады. Жаттығудың мақсаты кеуде тынысынан диафрагмалық тынысқа көшу.

Сонымен қатар тыныс шығару ұзақтығын арттыру, тыныс ырғағын тұрақтандыру мақсатында «Шамды өшіру» жаттығуын жасату да ерекше маңызға ие. Жаттығудың шарты бойынша бала терең тыныс алып, ауыз

арқылы ұзақ әрі бірқалыпты дем шығарып, шамды өшіргендей әрекет жасайды. Тыныс шығару 5–7 секундқа дейін созылады.

Диафрагмалық тынысты қалыптастыруға арналған жаттығулар тұтықпасы бар балалардың сөйлеу барысындағы бұлшықет кернеуін төмендетіп, сөйлеудің еркіндігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдердің тиімділігі Н.А. Власова, В.И. Селиверстов сынды ғалымдардың еңбектерінде ғылыми тұрғыда дәлелденген [1,2].

2. Сөйлеу ырғағы мен қарқынын реттеу әдістері. Сөйлеудің бірқалыптылығын қалыптастыру тұтықпаны түзетудің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл мақсатта баяу сөйлеу, ырғақты сөйлеу, хормен сөйлеу, өлең немесе ән айту арқылы сөйлеуді қалыптастыру әдістері қолданылады. Бұл әдіс сөйлеу қарқынының бәсеңдеуі артикуляциялық аппараттың жұмысын жеңілдетіп, сөйлеу бөгелістерінің азаюына ықпал етеді.

Мысалы, сөйлеу ырғағын қалыптастыру және сөйлеу қозғалыстарын ритмге бағындыру мақсатында «Қол соғып айту» жаттығуын жасатуға болады. Логопед сөздерді белгілі бір ырғақта, әр буынға қол соғу арқылы айтып көрсетеді, бала соны қайталайды: *Ба-ла* (2 соққы), *Ма-ми-на* (3 соққы). Қол соққан іс-әрекетке ілесе отырып буындарды қайталау сөйлеудің ырғақтылығын қалыптастырады. Сондай-ақ «Бірге айтамыз» жаттығуын жасатудың ма ерекше маңызы бар. Бала логопедпен немесе топтағы балалармен бірге мәтінді бір уақытта айтады: алдымен қысқа өлең жолдарын, одан соң таныс мәтіндерді хормен айтады. Бұл жаттығу сөйлеу кезіндегі қорқынышты азайтып, сөйлеу автоматизмін қалыптастырады.

«Әуенмен айту» жаттығуы да тұтықпасы бар балалар үшін аса маңызды жаттығулардың бірі. Бұрыннан таныс балаларға арналған әндерді әуенге салып айтады. Ән айту барысында сөйлеу бөгелістерінің азаюы және сөйлеудің еркін шығуы артады.

Осылайша, баяу, ырғақты, хормен сөйлеу, өлең және ән айту әдістері сөйлеу қарқынын реттеп, артикуляциялық аппараттың жұмысын жеңілдетеді. Бұл әдістер сөйлеу бөгелістерінің азаюына ықпал етіп, тұтықпасы бар балалардың сөйлеуін бірқалыпты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістер логопедия ғылымында Л.И. Белякова, А.В. Ястребова сынды ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қолданылып, тиімділігі дәлелденген [3,4].

Психологиялық бағыттағы әдістер. Тұтықпасы бар балаларда сөйлеу қорқынышы, эмоционалдық тұрақсыздық, өзін төмен бағалау жиі кездеседі. Осыған байланысты логопедиялық жұмыс психологиялық қолдаумен ұштасуы тиіс. Бұл бағытта релаксация жаттығулары, арт-терапия элементтері, ойын терапиясы, сенімді қарым-қатынас қалыптастыру әдістері қолданылады. Психологиялық бағыттағы әдістер эмоционалдық жай-күйдің тұрақтануы сөйлеу белсенділігін арттырып, тұтықпаның психогендік факторларын әлсіретеді.

Арт-терапия элементтері балалардың эмоционалдық жай-күйін тұрақтандырып, сөйлеу қорқынышын азайтады. Мысалы «Менің көңіл-күйім» атты сурет салу жаттығуын алсақ, бала өз көңіл-күйін сурет салып, оны бояу арқылы бейнелейді. Кейін сурет туралы әңгімелейді. Мұндай жаттығулар эмоцияларды сыртқа шығарып, ішкі күйді вербалды емес тәсілмен реттеуге көмектеседі.

«Құм терапиясы» жаттығуы да эмоционалдық шиеленісті төмендетеді және сенсорлық босаңсуды арттырады. Бала құммен жұмыс істеу арқылы белгілі бір жағдайды немесе оқиғаны модельдейді.

Осылайша, психологиялық бағыттағы әдістерді логопедиялық жұмыспен үйлестіру тұтықпасы бар балалардың эмоционалдық жай-күйін тұрақтандырып, сөйлеу қорқынышын азайтады. Бұл тәсілдер сөйлеу белсенділігін арттырып, тұтықпаның психогендік факторларын әлсіретуге мүмкіндік береді.

Ғалым В.И. Селиверстов тұтықпасы бар балаларды түзету жайлы өз еңбегінде ойын терапиясы мен эмоционалдық қолдаудың тұтықпаны түзетудегі рөлін ғылыми тұрғыда негіздеген [2].

Зерттеу нәтижелері тұтықпасы бар балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмысында кешенді логопедиялық әдістерді қолданудың жоғары тиімділігін көрсетеді. Сөйлеу тынысын қалыптастыру, сөйлеу қарқыны мен ырғағын реттеу, артикуляциялық аппараттың жұмысын жетілдіру және психоэмоционалдық күйді тұрақтандыруға бағытталған әдістерді бірізді әрі жүйелі қолдану сөйлеу бөгелістерінің азаюына ықпал етеді.

Кешенді тәсілдің артықшылығы – сөйлеу кемшілігін жеке элементтер арқылы емес, сөйлеу әрекетінің тұтас жүйесі ретінде қарастыруында. Тыныс, дауыс, артикуляция және коммуникативтік әрекеттің өзара үйлесімді дамуы сөйлеудің бірқалыптылығын арттырып, балалардың өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар хормен сөйлеу, ырғақты сөйлеу, өлең және ән айту сияқты әдістер сөйлеу кезіндегі қорқынышты азайтып, еркін қарым-қатынасқа көшуге жағдай жасайды.

Жүргізілген жұмыс нәтижелері кешенді логопедиялық әдістердің тек сөйлеу көрсеткіштерін жақсартумен шектелмей, тұтықпасы бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне, коммуникативтік белсенділігінің артуына және тұлғалық дамуына оң әсер ететінін дәлелдейді. Осыған байланысты кешенді логопедиялық әдістерді қолдану тұтықпаны түзетудің тиімді бағыты ретінде қарастырылып, логопедиялық тәжірибеде кеңінен енгізуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Власова Н.А. Заикание. – М.: Просвещение, 1983.
2. Селиверстов В.И. Заикание у детей. – М.: Владос, 2001.
3. Белякова Л.И. Логопедия. Заикание. – М.: Академия, 2004.

4. Ястребова А.В. Формирование коммуникативной деятельности у заикающихся школьников. – М., 1999.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ КОМПЛЕКСНЫХ ЛОГОПЕДИЧЕСКИХ МЕТОДОВ ДЛЯ ДЕТЕЙ С ЗАИКАНИЕМ

Акилбаева Г.И., Сергалиева Л.Ш., Юлдашева Р.А.

В статье рассматривается эффективность комплексных логопедических методов в коррекционной работе с детьми, страдающими заиканием. Особое внимание уделяется формированию речевого дыхания, регуляции темпа и ритма речи, снижению мышечного и психоэмоционального напряжения, а также развитию коммуникативных навыков. Комплексный подход, включающий дыхательные, ритмические, артикуляционные упражнения и коммуникативно-ориентированные методы, способствует уменьшению речевых запинок и повышению речевой активности детей. Результаты практической работы подтверждают, что системное применение логопедических методов положительно влияет на плавность речи и социальную адаптацию детей с заиканием.

Ключевые слова: заикание, дети с заиканием, логопедическая коррекция, речевое дыхание, темп и ритм речи, комплексный подход.

THE EFFECTIVENESS OF COMPREHENSIVE SPEECH THERAPY METHODS FOR CHILDREN WITH STUTTERING

Akilbaeva G.I., Sergalieva L.Sh., Yuldasheva R.A.

The article examines the effectiveness of comprehensive speech therapy methods in corrective work with children who stutter. Special attention is paid to the development of speech breathing, regulation of speech tempo and rhythm, reduction of muscular and psycho-emotional tension, and formation of communicative skills. A comprehensive approach that includes breathing exercises, rhythmic and articulatory training, as well as communicative-oriented methods, contributes to a decrease in speech disfluencies and an increase in speech fluency. The results of practical work confirm that the systematic application of speech therapy methods has a positive effect on speech fluency and social adaptation of children who stutter.

Keywords: stuttering, children who stutter, speech therapy correction, speech breathing, speech tempo and rhythm, comprehensive approach.

REFERENCES

1. Vlasova, N. A. (1983). *Stuttering*. Moscow: Prosveshchenie.
2. Seliverstov, V. I. (2001). *Stuttering in Children*. Moscow: Vlados.
3. Belyakova, L. I. (2004). *Speech Therapy. Stuttering*. Moscow: Akademiya.
4. Yastrebova, A. V. (1999). *Formation of Communicative Activity in Schoolchildren with Stuttering*. Moscow